

2005 жылы балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 27 сәуірдегі N 127 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 6 мамырда N 1581 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

"2003-2005 жылдарға арналған балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 сәуірдегі N70-ө өкімін орындау үшін және 2005 жылғы жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын және еңбекпен қамтылуын, олардың творчестволық дамуын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығы мен қадағалаудан тыс қалуының алдын алу мақсаттарында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандар мен Петропавл қаласының әкімі, білім департаменті 2005 жылы балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын сауықтырылуын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін:

қаладан тыс сауықтыру лагерлері мен еңбек және демалыс лагерлерінің материалдық-техникалық базасы 2005 жылдың 31 мамырына дайындалсын, оларда мектеп оқушыларын жалпы және рухани адамгершілік жағынан тәрбиелеу, жан-жақты мәдени-бұқаралық, спорттық және сауықтыру жұмыстары үшін қажетті жағдайлар туғызылсын;

2005 жылдың 6 маусымына дейінгі мерзімде қалалық және аудандық комиссиялар лагерлерді қабылдауды қамтамасыз етсін;

сауықтыру лагерлерін, мектептен тыс ұйымдардың лагерлерін, еңбек және демалыс лагерлерін қаржыландыру жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен жасалсын;

өңірдің ерекшеліктерін, экономикалық жағдайларын, ата-аналар мен балалардың ұйымдасқан түрде демалыс жөніндегі сұраныстарын ескере отырып, 2005 жылғы жазғы кезеңдегі балалар мен жасөспірімдердің демалыс, сауықтырылу және еңбекпен қамтылу бағдарламасы әзірленсін және бекітілсін;

"Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының табысты жүзеге асырылу мақсаттарында сауықтыру лагерлерінде облыс әкімі грантының иегер мұғалімдерін тарта отырып қазақ тілін үйрету бойынша жазғы мектептердің жұмысы ұйымдастырылсын;

бірінші кезекті тәртіпте жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлықтарынан қалған балалардың, атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар, көпбалалы, толық емес отбасылар балаларының, мүгедек балалардың демалысын, сауықтырылуын қамтамасыз етсін;

сауықтыру лагерлері жүйесін дамытуға жәрдемдесу;

жалпы білім беретін мектептер жанынан тыс ұйымдарда күндіз болатын лагерлерін, еңбек және демалыс лагерлерін және мектеп орманшылығын ұйымдастыру;

балалар мен жасөспірімдердің еңбекпен қамтылуын қамтамасыз ету, олар үшін жазғы демалыс кезінде еңбек заңдарына сәйкес, уақытша жұмыс орындарын ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау;

балалардың өмірі мен денсаулығы сақтығын, сондай-ақ балалардың сауықтыру ұйымдарындағы өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

2. Мыналар бекітілсін:

1 қосымшаға сәйкес балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру жөніндегі облыстық комиссияның құрамы;

2 қосымшаға сәйкес қаладан тыс лагерлерде балаларды сауықтырумен қамту жоспары;

3 қосымшаға сәйкес мектеп жанындағы алаңдарда балаларды сауықтырумен қамту жоспары.

3. 2005 жылдың 1 маусымына дейін білім және денсаулық сақтау департаменттері барлық тұрпаттағы лагерлерді педагогикалық, медициналық және музыкалық қызметкерлерімен толықтырсын.

4. Денсаулық сақтау, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменттері:

балалардың сауықтыру алаңдарын дәрілік препараттармен, дезинфекциялық құралдармен және қажетті медициналық жабдықтармен жабдықтауға көмек көрсетсін;

балалар демалысының қолданыстағы санитарлық нормаларға сәйкес ұйымдастырылуына және денсаулығының қорғалуына, лагерлердің маусым басталғанға дейінгі дайын болуына бақылау орнатсын.

5. Ішкі саясат департаменті бұқаралық ақпарат құралдарында балалар мен жасөспірімдердің жазғы кезеңде сауықтырылуын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға дайындық барысы туралы хабарлар беріп тұрсын.

6. Мәдениет департаменті мәдениет мекемелерінің жазғы демалысты өткізуге қатысуларын қамтамасыз етсін.

7. Дене шынықтыру және спорт басқармасы спорттық алаң, стадион, балалар-жастық спорттық мектептерінің жұмыстарын ұйымдастырсын.

8. Кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті туған өлке бойынша туристік және экологиялық маршруттар ұйымдастырсын.

9. Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы төтенше жағдайлар жөніндегі департаментіне (келісім бойынша), мобилизациялық даярлық және төтенше жағдайлар, ішкі істер б а с қ а р м а л а р ы н а :

демалыс аймақтарында қоғамдық тәртіптің сақталуын, балаларды тасымалдау қауіпсіздігін, балалардың су айдындарында өмір қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтауларын қамтамасыз етсін;

балалардың сауықтыру лагерлеріне келуін және кейін қайтуын жол полициясының ілесуімен жүзеге асырсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Е.Нұрақаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

О б л ы с ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 7 с ә у і р д е г і

№ 127 қаулысына 1 қосымша

**Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын
ұйымдастыру жөніндегі облыстық комиссияның
құрамы**

Н ұ р а қ а е в Ерік Есімұлы	- комиссия төрағасы, облыс әкімінің орынбасары
Д е н к е н о в а Сайран Әбілқайырқызы	- төрағаның орынбасары білім департаментінің бастығы
	Комиссия мүшелері:
З в е р е в а Наталья Николаевна	- экономика және бюджеттік жоспарлау бастығының орынбасары
Е с е н е е в Қайырғали Қапезұлы	- солтүстік Қазақстан облысы әкімінің мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің бастығы
Қ а с е й і н о в Қуандық Әскерұлы	- мобилизациялық даярлық және төтенше жағдайлар басқармасының бастығы
Құдайбергенова Ғалия Бейсенқызы	- еңбекпен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті бастығының орынбасары

К ү л ж а н о в а Тотықамал Ниязқызы	- Петропавл қаласы әкімінің орынбасары
М о л д а ғ у л о в Артур Кенжеәкімұлы	- Қызылжар ауданы әкімінің орынбасары
П а в л у х и н а Валентина Николаевна	- денсаулық сақтау департаменті бастығының орынбасары
П у л ь н и к о в а Наталья Петровна	- мәдениет басқармасының бөлім бастығы
Р а қ ы м о в Болат Шонұлы	- сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті бастығының орынбасары

О б л ы с ә к і м д і г і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 7 с ә у і р д е г і
№ 127 қаулысына 2 қосымша

Қаладан тыс лагерлерде балаларды сауықтырумен қамту жоспары

N	Аумақтың атауы	Лагерлердің атауы	Сыйымдылығы
1	Айыртау	Қарлығаш	150
2	Аққайың	Валентина Терешкова атындағы	200
3	Есіл	"Родничок"	130
4	Жамбыл	"Лесные поляны"	150
5	Мағжан Жұмабаев	"Березка"	150
6	Қызылжар	"Серебрянный бор"	200
7		"Орленок"	120
8	Мамлют	"Искра"	150
9	Ғабит	"Солнышко"	120
10	Мүсірепов	"Қарлығаш"	150
11	Тимирязев	"Счастливое детство"	150
12	Шал ақын	"Аю-тас"	150
13	Петропавл қаласы	"Юный железно-дорожник"	300
14		"Золотая осень"	250
15		"Березка"	250
16		"Балауса"	60
17		"Лашын"	50

18	Ақмола облысы Щучинск	"Арман"	200
барлығы:			

кестенің жалғасы

Маусым бойынша жоспарланған қамту шамасы				Жалпы сауықтырылатын балалар саны
1 маусым	2 маусым	3 маусым	4 маусым	
150	150	150	150	600
200	200	200	200	800
130	130	130	130	520
150	150	150	150	600
150	150	150	150	600
200	200	200	200	800
120	120	120	120	480
150	150	150	150	600
120	120	120	120	480
150	150	150	150	600
150	150	150	150	600
150	150	150	150	600
300	300	300		900
250	250	250	250	1000
250	250	250		750
60	60	60	60	240
50	50	50	50	200
200 баладан 5 маусым				1000
				11370

Ескерту: "Арман" облыстық сауықтыру орталығында жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлықтарыңыз қалған, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылардың балалары сауықтырылады.

Разнарядканы білім департаменті жасайды.

Облыс әкімдігінің

2005 жылғы 27 сәуірдегі

№ 127 қаулысына 3 қосымша

**Балаларды мектеп жанындағы алаңдарда сауықтырумен қамту
жоспары**

N	Аудан, қала атауы	Алаңдар саны	Балаларды тамақтандырумен қамту
1	Айыртау	61	3500

2	Ақжар	25	1800
3	Аққайың	40	2000
4	Есіл	30	1400
5	Жамбыл	57	2300
6	Мағжан Жұмабаев	62	2100
7	Қызылжар	59	2500
8	Мамлют	43	1800
9	Ғабит Мүсірепов	68	3600
10	Тайынша	70	4700
11	Тимирязев	24	1200
12	Уәлиханов	36	1500
13	Шал ақын	45	2500
14	Петропавл қаласы	44	9200
	Барлығы:	664	40100

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК